

«Food quality and food safety» (FQFS) (Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі) Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары 20-22 қыркүйек, 2023 = «Food quality and food safety» (FQFS)(Качество и безопасность продуктов питания) материалы международной научной конференции 20-22 сентября, 2023= «Food quality and food safety» (FQFS) materials of the international scientific conference 20-22 september,2023. – Астана: КАТИУ им. С. Сейфуллина, 2023. – С.93-96

ӘОЖ 378:159:922.76(045)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

*М.Д. Есекешова, п.ғ.к., доцент
Жуасхан Бота, 2-курс магистранты*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ., Қазақстан*

Мақсаты

Білім алушыларға инклюзивті білім берудің шарттарын белгілеп, педагогикалық-психологиялық негізін теориялық тұрғыда тұжырымдау, маңыздылығын айқындау.

Зерттеудің нысаны мен әдістері

Инклюзивті білім берудің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық тұжырымдар мен қағидаларын, ғылыми жаңалықтарды, нәтижелерді, деректерді талдау, білім алушыларға инклюзивті білім беруудеріс теориясы мен әдістемесі негізінде анықтау.

Нәтижелер

Зерттеудің мақсаты айқындалуымен, білім алушыларға инклюзивті білім берудің маңызды мәселесінің әдіснамалық негізделуімен, зерттеудің жүйелі қадаммен жасалуымен, нәтижелерді сандық сапалық талдау жасаумен қамтамасыз етілген.

Қазіргі уақытта елімізде инклюзивті білім беруге мемлекет тарапынан баса назар аударылуда, мұның бірден-бір себебірекше қажеттіліктері бар балаларға ерте жастан бастап оның дамуы үшін қол жетімді сапалы білім беру, қоғамға әлеуметтік тұрғыда бейімдеу және пайдалы интеграция формасымен қамтамасыз етуде.

Инклюзивті білім беру – оқу процесін ерекше қажеттілігі бар балалардың мүмкіндігіне қарай бейімдеу болып табылады. Білім алушылардың ерекшеліктеріне қарамастан тең дәрежеде білім беру, оқу аудиторияларына ерекше қажеттілігі бар балалар үшін жағдай жасау, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, заманауи технологияларды және әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып оқу процесін жүзеге асыруға негізделген.

Бүгінде ерекше қажеттілігі балаларға инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеген отандық ғалымдар Д.Д. Ешпанова, А.К. Жалмухамедова, Х.С.Ералиева, И.А.Оралканова, Д.С.Жакупова, З.А. Мовкебаева Г.О. Жанибекова және т.б. еңбектерінде көрсетілген. Инклюзивті білім берудегі олқылықтар, мүмкіндігі шектеулі балалардың жылдан-жылға санының күрт артуы, білім беру процесіндегі маман тапшылығы секілді мәселелерді көтерді.

Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс [1]. Білім алушыларға инклюзивті білім беру арқылы балаларды ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге, педагогикалық - психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетуге, жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып оқу процесін жүзеге асыру.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше қабілеттерін және дарақасиеттерін айқындауға, шығармашылық айналысуға тиімді жағдай жасау мақсатында көптеген бағдарламалар жұмыс жасауда.

Инклюзивті білім берудің негізгі 8 принциптері:

- Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады;
- Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы;
- Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет
- Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
- Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асырады;
- Барлық адам бір-біріне қажет;
- Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [2].

Инклюзивті білім беру жүйесі инклюзивтік қоғамның дамуының тиімді механизмі болып табылады. Ресейлік ғалым Е.В. Иванов пікірінше, «соңғы жылдары инклюзивті тәсіл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, құқықтық дамуының белгілі бір деңгейіне жеткен және гуманизм мен толеранттылық қағидаттарына сүйене отырып, халықтың гетерогенді топтарына деген көзқарасты қайта қарастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарының теңдігін, сонымен бірге барлық басқа адамдармен тең дәрежеде білім алуын қамтамасыз ету міндетін мойындау қажетпіз» [3].

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру саласында білікті мамандардың аздығы байқалуда. Арнайы мамандарды жыл сайын арнайы даярлық курстарына барып, шеберліктерін шыңдап, тәжірбие алмасу өте маңызды. ЖОО-да инклюзивті білім беру бойынша арнайы білім беру бағдарламасы негізінде білім алатын білім алушыларға сұраныс көбейген. Болашақ мамандар мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасамас бұрын, психологиялық-моральдық тұрғыдан дайын болуы қажет. Әрбір ерекше қажеттілігі бар бала қамқорлыққа, мейірімге, жылуға мұқтаж. Мүмкіндігі шектеулі балаларға жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық тұрғыдан да көмек көрсетіп қол ұшын созу, қажет кезде мотивация беру,

тәуелсіз болуға үйрету білікті маманның міндеті болып табылады. Сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беріп қана қоймай, өмір сүруге дайындай алуы да қажет болып табылады. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі бала мен педагог арасындағы ғана оқыту процесі емес, ата-ананың да бұл процестегі орны ерекше. Атақты ресейлік педагог В.А.Сухомлинскийдің айтуынша, ата-анамен бірге күш жігерді біріктіру арқасында педагогтер балаларға үлкен адамдық бағытты беруі мүмкін. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру процесіндегі ата-ана маңыздылығын, қолдауын түсіндіреді.

Қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мемлекеттік бағдарламалар негізінде және озық әлемдік тәжірибелерді қолданып білі берілуде. Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі мақсаты мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу үдерісіндегі ерекшеліктерін қанағаттандырып жеткілікті дәрежеде білім беру. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектептер саны жыл сайын артуда, бұл әрине қуанатын жағдай барлық мүмкіндігімен, өмір сүруін жеңілдететін арнайы құралдармен, аппараттармен қамтамасыз етілген. Балалар арнайы мектептерде еш уайымсыз білім алады, шығармашылықпен айналысады, өзге балалармен қарым-қатынас орната алады және мамандар өз құқықтары туралы дәрістер алады. Инклюзивті білім беру - ерекше қажеттілігі бар балалардың өмірде өз орнын табуға, мамандық иесі болуына жағдай жасау бойындағы ерекшелігіне қарамастан, жоғары немесе кәсіптік білім орындарына түсуіне мемлекет тарапынан арнайы гранттарды көбейту қажет. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балалардың қолжетімді сапалы білім алуын қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі – ерекше қажеттілігі бар балалардың өмірде жетістікке жетуіне ықпал жасау, қоғаммен байланысын үзбеуге, басқа балалар секілді жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыру. Мүмкіндігі шектеулі балаларға тек оқытып қана қоймай, оларды адамгершілікке, ізгілікке және толеранттылыққа тәрбиелей аламыз [4]. Көбіне мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамнан тыс қары қалып жатады, мұның себебі денсаулық жағдайына байланысты, екіншіден, арнайы инклюзивті білім беру мекемелеріне бармағандықтан, өзімен қатарлас балалармен білім алатын бала қоғамдағы өзгеріске тез бейімделетін болады. Еліміздегі кейбір елді-мекемелерде ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру орындары бала саны шектеулі түрде қабылдайды. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамдық іс-шараларға, шығармашылық кештерге тартып өзге балалармен қарым-қатынас орнату арқылы әлеуметтік ортаға бейімделіп, қоғамға бір қадам жақындайды.

Инклюзивті білім берудегі тағы бір маңызды мәселе қоғамның мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарасы. Ерекше қажеттілігі бар балаларды қоғамға қосу, құқықтарын заң тұрғысынан қорғау, теріс сын-пікірлерден сақтау маңызды. Алдымен қоғамды дайындау даму мүмкіндігі шектеулі балаларға аянышты көзбен немесе мүсіркеп қарау секілді түсініктерді жою. Осы секілді көз-қарастар психикалық даму шамасына әсер етуі әбден мүмкін. Еліміздің ертеңі жастар, мүмкіндігі шектеулі балалардың

кемістігінен арылуына жағдай жасау, тиісті дәрежеде білім беру, үнемі қамқорлық көрсету, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу керектігіне аса назар аударғанмыз жөн.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру – жаңа заман талабы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім беру арқылы кедергісіз келешек сыйлай аламыз. Әрбір бала денсаулығына, әлеуметтік жағдайына қарамастан тең құқылы білім алуға міндетті. Еліміздегі әрбір мүмкіндігі шектеулі балаға сапалы білім беріп, тұлға болып қалыптасуына жағдай жасай алуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Дорота Подгорска-Яхник Инклюзивті білім беру [Текст]: Оқу-әдістемелік құрал // Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстанғалиева, О.А. Панищева – М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. - Орал, 2020 . - 204 б.
- 2 Жанибекова Г.О. Инклюзивті білім беру[Текст]: дәріс жинағы– Мардан Сапарбаев институты.– Шымкент, 2020. - 98 б.
- 3 Иванов Е.В. О стратегическом планировании развития инклюзивного образования [Текст]/ Вестник Новгородского государственного университета. – 2015. -№ 5 (88). -С. 44.
- 4.Уатаева А.М. Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру [Текст]: Оқу құралы.– Жезқазған, 2020